



Жалағаш жаршысы



«zhalaqash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Қалдықтарды қайта өңдеу – уақыт талабы

Үкімет басшысы Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында «Қалдықтардың барлық түрін басқарудың 2026-2030 жылдарға арналған» тұжырымдамасының жобасы мақұлданды. Құжат Мемлекет басшысының елдегі экологиялық жағдайды жақсарту жөніндегі тапсырмалары шеңберінде әзірленді. Негізгі тәсілдер туралы Экология және табиғи ресурстар вице-министрі Жомарт Әлиев баяндады. Өңір әкімдері мен «Есөжет» салалық ұйымы өкілінің баяндамалары тыңдалды.

Премьер-министр қалдықтарды өңдеудің кешенді жүйесін енгізудің маңызын атап өтті. Бүгінгі таңда елімізде тұрмыстық қалдықтардың шамамен 25 пайызы қайта өңделуде. Үкімет басшысы қалдықтардың барлық түрін толық қайта өңдеу қажеттігін қаперге салды. Қазіргі таңда Астана, Алматы және Шымкент қалаларында қалдықтарды энергетикалық көдеге жарату жобалары іске асырылуда. Бүгінде инвесторлар анықталып, олармен тиісті келісім жасалған. Алдағы уақытта бұл тәжірибе өзге аймақтарға да тартылмақ.

Қалдықтарды басқару жүйесін жақсартуға жеңілдетілген қаржыландыру тетігі арқылы 185 млрд теңге қарастырылған. Мақұлданған 60 жобаның 22-сіне қаржы қаралған. Экология министрлігіне әкімдіктермен бірге осы жобаларды жүзеге асыру бойынша жұмыс жүргізу тапсырылды.

Премьер-министр өнеркәсіптік, медициналық және басқа да қалдықтарға қатысты тиісті шешім қабылдау керектігін айтты. Қалдықтардың барлық түрін басқару тұжырымдамасын жүзеге асыру экологиялық және санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін нақты бақылау мен болжам жасау жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік бермек. Бұл қайта өңдеу және қайта пайдалануға бағытталған қалдықтарды басқару саласының дамуын ынталандырады.

Аталған тәсіл Президенттің табиғатты аялау жөніндегі экологиялық мәдениетті



қалыптастыруға бағытталған «Таза Қазақстан» бастамасының талаптарына сай келеді. Саланы цифрландыруға, қалдықтардың цифрлық есебін жүргізуге, олардың қозғалысын, жинақталуын және көдеге жаратылуын бақылауға назар аударылды.

Бұдан бөлек қалдықтарды басқару саласының жоғары инвестициялық әлеуеті айтылды. Қалдықтарды жинақтаудан біртіндеп түйік циклі экономикаға көшіп жатқан бүлөз кезегінде, электр энергиясын өндіруге және өндірісте қайта пайдалануға болатын шикізат алуға мүмкіндік беретін әлемнің көптеген дамыған елдері мысал ретінде келтірілді. Жалпы тұжырымдама қабыптасқан тәсілдерді өзгертіп, саланың инвестициялық әлеуетін арттыруды және қолданыстағы инфрақұрылымды жаңғыртуды қамтамасыз етеді.

Олжас Бектенов Экология министрлігіне бірқатар тапсырма берді. Тарқатып айтсақ, ведомствоға мемлекеттік органдармен және өңірлердің әкімдіктерімен бірлесіп, тұжырымдама мен іс-қимыл жоспарының іс-шараларын уақытылы жүзеге асыруды қамтамасыз ету және көгер жылы Астана, Алматы және Шымкент қалаларында қалдықтарды энергетикалық көдеге жарату зауыттарының құрылысын бастау тапсырылды. Сондай-ақ экологиялық төлемдер есебінен қалдықтарды жинау,

мың тоннасы, 103 мың тонна өнеркәсіптік қалдықтың 81 мың тоннасы өңделген. Тұрмыстық қатты қалдықтарды басқару саласында 98 млрд 700 млн теңгеге бағаланған 9 жоба, Қызылорда қаласында шетелдік компаниялардың қатысуымен 2 ірі жоба жүзеге асырылуда.

Жалағаш ауданында тұрмыстық қатты қалдықтарды жою инфрақұрылымын дамыту жұмыстары пысықталды. Бүгінде қоқыс полигондарын салуға арналған жалпы көлемі 15,37 гектар жер учаскелері табысталып, олардың сәйкестендіру құжаттары әзірленген.

Нормативтік талаптарға сәйкес, қоқыс тастайтын орындарда жеңіл қоршаулар орнатылып, тереңдігі 2 метрден асатын кептіру траншеялары немесе биіктігі 2 метрден аспайтын топырақ үйінділері болуы қажет.

Аудан бойынша «Жасыл Даму» АҚ-ның «Жалағаш кентінде қоқыс сұрыптау кешенін орнату» жобасын жүзеге асыру үшін «К.Қанатбаева» серіктестігі ұсынылды. Жалпы құны 73,3 млн теңге болатын бұл жобаға 1 гектар жер бөлініп, уақытша жер пайдалану құқығын беретін акт алынған. Жобаның бизнес-жоспары және жол картасы әзірленіп, құжаттар «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ-ның І кезеңінен өтіп, ІІ кезеңге жолданды.

– Тазалық – ең алдымен мәдениеттіліктің көрінісі. Қоғам тазалығын сақтау – бүгінгі күннің басты талабы және бар-шамызға ортақ іс. Кенттің іші-сырты, жол-жиіктері, елді мекендердің бәрі таз болуы тиіс. «Таза Қазақстан» акциясы аясында тек аумақ емес, сана да тазаруы керек. Тазалық мәдениеті қалыптасуы тиіс. Осы бағыттағы жұмыстарды күшейтіңіздер. Тұрмыстық қатты қалдықтарды жою және қайта өңдеу, қоқыс тастау орындарын құжаттандыру жұмыстарын жеделдетіңіздер, – деді аудан әкімі Ардақ Ибрагимов.

Жыныда күн төртінде қаралған мәселелердің уақытылы орындалуын қамтамасыз ету бойынша аудан әкімінің орынбасарлары мен сала басшыларына нақты тапсырмалар берілді.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Кеңес

Аудандық «Оқушылар» үйінде «Балалар қауіпсіздігі» атты аудандық прокуратура, полиция және білім бөлімдерімен бірлескен жиын өтті. Оған аудан прокурорының орынбасары Рүстембек Өтепбекұлы, аудандық полиция бөлімі бастығының орынбасары Мәулен Жайшылықұлы, білім бөлімінің басшысы Талғат Құрақбайұлы, сондай-ақ мектеп директорлары, олардың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, педагог-психологтар және әлеуметтік педагогтар қатысты.

Балалар қауіпсіздігі бөрінен маңызды



Жиында «Білім беру ұйымдарында балалар қауіпсіздігіне әсер етуші факторлар және жұмыс жасау алгоритмдері» тақырыбында аудан прокурорының орынбасары Рүстембек Өтепбекұлы ақпарат берді. Сондай-ақ бала тәрбиесіндегі ата-ананың жауапкершілігі аясындағы орын алған жағдайлар бойынша аудандық полиция бөлімі бастығының орынбасары Мәулен Жайшылықұлы баяндама жасады.

Мұнан бөлек аудан мектептерінде ерекше қолдауды қажет ететін бақылаудағы балаларға талдау, көмек көрсетудің негізгі жолдары айтылды. Аталған мәселеге білім бөлімінің әдістемелік кабинет әдіскері Жаная Серікқызы кеңінен тоқталды.

Жиын соңында ауданның бас ұстазы Талғат Құрақбайұлы мектеп директорларына бірқатар нақты тапсырма беріп, бала тәрбиесі мен қауіпсіздігін назардан тыс қалдырмау қажеттігін қаперге салды.



Семинар

Жалағаш аудандық «Руханият» орталығында аймақтағы этносаралық қатынас саласындағы ахуалға байланысты семинар-тренинг өткізіліп, жастар арасында бұзақылықтың алдын алуға бағытталған мазмұнды кездесу ұйымдастырылды. Шараны аудандық «Қоғамдық келісім» мекемесі мен аудандық жастар ресурстық орталығы бірлесіп өткізді.

Ұлтаралық татулық – берік ұстаным



Кездесуге ҚР Құрметті білім қызметкері, Ауған соғысының ардагері Бейбітжан Шілдебаев, сондай-ақ Жалағаш аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің қызметкері Жанар Дүйсембай арнайы қатысты. Семинар-тренингте өңірдегі этносаралық қатынастардың қазіргі ахуалы, мектеп жасындағы балалар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу жолдары, достық, өзара сыйластық және келісім мәдениеті, әскери-патриоттық тәрбие мен ұлтқа қызмет етудің маңызы туралы кеңінен тусіндірілді.

Спикерлер өз тәжірибесі мен өмірлік өнегесін бөлісіп, ел бірлігін сақтаудағы жауапкершілік, татулықтың қоғам үшін маңызы, жас ұрпақтың елдік рухты көтерудегі рөлі жөнінде ойларын ортаға салды.

Ерлан АНУАРҰЛЫ

Бағдарлама игілігі

Шаруасы шираған Әлімжан

Ақсу ауылына іргеніміз сол еді, қолында қос қоржыны бар елуге таяған ер адамды көзіміз шалды. Көліктің артына бар затын тиеп, ауладағы әйел адамға «оған ертеңгі таңғы сауымнан жеткізерміз, түсіндіріп айтарсың» деді. Ол да «Бүгін қонақтары бар екен, екі литрліктің үшеуін тастап кетсең қалай болады?» деді. Енді қайтсін, бір көргенде уәде берген шығар. Ауылда үлкен өндіріс қайдан болсын, бірақ осындай қарапайым еңбек адамдарының адал кәсібі уақыт өткен сайын бізді қызықтырып барады. Не керек, ақыры отыра алмай, көліктен түсіп, көкеме сәлем бердім.

– Асаллау мағаллейкум!
– Уағаллейкум массаллам!
– Аға, қоржынындағы ағарған-ау...
– Бүгінгі күтке алдын ала тапсырыс беріп қойып еді, бұйыртыса, ертең болады, қажет болса, іште жөңгең бар, қай күнге қанша литр керектің айтып қоярсың.

Біз жөнімізді айтып, диалогты әрі жалғадық. Мұнан кейін қорасына кіріп, кейіпкеріміздің кәсібіне қанықтық.

Әлімжан Телібаевтың мал шаруашылығын қолға алғанына 5 жыл болыпты. Басқа еш жерде жұмыс істемейді, күнделікті жұмысы да, кәсібі де – сол ауласындағы малының бабын жасау. Ал жеңгеміз Тамара Жақсыбайқызы ауыл мектебінің асханасында жұмыс істейді. Ол да қолға қалт етсе, жолдасына қолғабыс етеді. Әлекең малдың бабын жасап, оны сойып сатса, жары ірі қараның сауымына жауапты.

Негізі, жұрт көбіне соғымды қысқа қамдайды, еттің де ететін уақыты осы. Бір қыста Әлекең 15-20 басқа дейін мал бордақылап сатады. Өткен қыста 15 ірі қара мен жылқысын пұлдаған.

Кейіпкеріміз қазір жем-шөптің де бағасы аспандап тұрғанын жасырмайды. Жергілікті сыырлардың қанша бақсаң да шығыныңнан бөлек еңбегіңді ақтауы ектіспей. Сондықтан ол көбінесе жылқы бордақылайтын. Былтыр әйелімен ақылдасып, етті әрі асылтұқымды мал алуды көздеді. Алайда оны өзіміздің жергілікті сыырлардай 300-350 мың теңгеге пұлдамайтыны тағы бар. Ал оның



басын көбейтуге қомақты қаражат керек. Не керек, Әлекең әрі ойланyp, бері ойланyp, мемлекеттік бағдарламаның көмегіне жүгінеді.

Қазір «Ауыл аманаты» – кәсіп бастауға да, оны дамытуға да қолайлы жоба. Беретін несиесінің де пайыздық үстемақысы айтарлықтай төмен. Бұл жобаның жемісін көру үшін Әлекең оның көмегіне жүгінуді көздейді. Абырой болғанда, ауылдағы ағайынның бар мақсаты қолдау тапты. Осылайша мемлекеттен 2,5 пайызбен 6 млн теңге несиесі алды. Барлығын шашпай-төкпей, атакәсіпке құйды. Арал ауданындағы «Қожағұл ата» шаруа қожалығынан асылтұқымды ақбас 8 бұзаулы сыыр мен 1 бұқа алып келді. Барлығы ет бағытындағы іріқара, Әлекең де қолайлысы оны, енді басын бір көбейтіп алса, қыстай бұқасын бордақылап, аналығын алып қалады. Ал кейін оларды да бордақыға байлайды.

Қораның тазалығы, жем-шөптің молдығы Әлекеңнің атакәсіпке ептілігін айқын аңғартып тұр. Демалысты пайдаланып, жеңгеміз де оның қасынан табылып, мал шаруашылығын ширатуға жәрдем беруде. Таңғы саудасын кешкі тіргенімізге қысылғанымызбен, оны сұрақтың астына алдық. Бар мақсат – ауыл еңбеккерінің қарапайым кәсібі, күнделікті жұмысын қоғамға үлгі ету.

Әлекең кәсіпкерлікті қолдауға, көңейтуге негізделген мемлекеттік бағдарламаның ешқайсысын құр жібергісі жоқ. Барлығын өз мүмкіндігіне жаратқысы

келеді, біз де шаруаға адал осындай адамдардың жобасы қолдау тапқанына риза болдық. Онда қыруар қаржы алып, оны басқа мақсатқа жұмсау деген түсінік жоқ. Бар ойы осы бастаған шаруасын ширатсам дейді.

Айтпақшы кейіпкеріміз осыған дейін қайтарымсыз грантқа да қол жеткізген. Тиісті қаражатқа тағы бірнеше бұзаулы сыыр алды. Былтыр Тамара жеңгеміз де дәл осындай қаржылай қолдауға ие болыпты. Ол да бар қаржысын ата-кәсіпке құйып, тағы бірнеше бұзаулы сыыр алған. Енді Әлекең қорадағы малдың қоңына жауапты, ал оны сауу жеңгемізден артылмайды.

– Отағасы осы кәсіпті қолға алғанына 5 жыл болды, пайда жоқ емес, бірақ біз кәсібіміз жүрген сайын оны дамытуға, табысымызды арттыруға тырыспаймыз. Бұл – нарықтың талабы. Былтыр да 15-тей жылқы, сыыр сойып саттық. Қыс енді басталады, бұйыртыса, алдағы маусымда жайылымдағы іріқараның бірнешеуін бордақыға байлаймыз. Қазір бір құнаншығар бағымда тұр, ол да соғымға жарап қалды. Кенттің іргесінде болғанын ба, «етіміз өтпей қалады» деген уайым жоқ. Ауылдан Жалағаштан келіп алатындар бар. Мұнан бөлек көсіпорындармен де жұмыс жасаймыз. Олар бізден етті молынан сатып алады, – дейді Тамара Пренова.

Ет бағытындағы сыырлардың өзі жем-суын уақытылы қамдасаң, күніне әрқайсысы 3-4 литерден сүт береді екен. Оның үстіне қайтарымсыз грантпен

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Сессия

Кірістер 42,6 млн теңгеге артық орындалған

Сейсенбіде аудандық мәслихаттың кезектен тыс 36-сессиясы өтті. Аудандық мәслихат төрағасы Өмірзақ Елеусінов модераторлық жасаған жиынға аудан әкімінің орынбасары Әліби Байнахатов, кент және ауыл округ әкімдерінің мамандары, тиісті бөлім басшылары қатысты. Сессия отырысында алдымен «2025-2027 жылдарға арналған кент, ауылдық округтердің бюджеттері туралы» аудандық мәслихаттың 2024 жылдың 23 желтоқсандағы шешімдеріне өзгерістер енгізу жайы қаралды.



2025 жылға кент, ауылдық округтердің нақтыланған өз кірістерінің жылдық болжамы 299 млн теңге, 10 айда дербес бюджеттің кірістері 260,9 млн теңге болып жоспарланды. Бұл меже 116,3 пайызға орындалған.

Аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Нұрсұл Маратқызы кент және ауылдық округтердің 2025 жылдың түсімдер болжамына талдау жүргізілгенін айтады. Нәтижесінде биыл 20 қарашадағы жағдай бойынша жеке табыс салығы 4 млн 537 мың, жеке тұлғалардың жер және мүлікке салына-тын салық 156 мың, жеке тұлғалар көлік салығы 299 мың, бірыңғай жер салығы 3 млн 628 мың, жер учаскелерін сатудан 197 мың, жерді пайдаланғаны үшін төлем 105 мың теңге, барлығы 8 млн 922 мың теңгеге 2025 жылға дербес бюджет салық болжамын ұлғайту жоспарлануда. Бұл қаражат сәйкесінше тиісті шығыстарға бағытталған.

— Оның ішінде Аққұм ауылдық округі әкімінің аппараты бойынша 2041 мың теңге өз кірісі есебінен. «Аудандық маңызы бар қала, ауыл кент, ауылдық округі әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасына 1 млн 274 мың теңге мемлекеттік қызметкерлердің біліктілік арттыру курсына баруынан қалыптасқан, іс-сапар шығындарына 703 мың теңге, әкімшілік ғимараттың жылу жүлесін ағымдағы жөндеуге 571 мың теңге бағытталған. «Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру» бюджеттік бағдарламасына 157 мың теңге, «Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмысын қолдау» бюджеттік бағдарламасына 610 мың теңге (Ауылдық клубтың жылу жүлесіне су айдайтын насос, вентилятор орнату жұмыстарына) бағытталды. Ақсу ауылдық округі әкімінің аппараты бойынша 1 млн 472 мың теңге, бұл өз кірісі есебінен. «Аудандық маңызы бар қала, ауыл кент, ауылдық округі әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасына байланысты төтенгірге берілген ғимаратқа жылу жүлесін орнату жұмыстарына бағытталды. Аламесек ауылдық округі әкімінің аппараты бойынша 840 мың теңге, бұл да өз кірісі есебінен. «Аудандық маңызы бар қала, ауыл кент, ауылдық округі әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасына, яғни аппараттың ағымдағы шығындарына, іс-сапар шығындарына 173 мың теңге, сот шешіміне сәйкес иесіз көлік жайды құжаттандыруға 389 мың теңге, әкімшілік ғимаратқа ағымдағы жөндеуге 102 мың теңге бағытталды. Бұқарбай батыр ауылдық округі әкімінің аппараты бойынша 2 млн 200 мың теңге, бұл да өз кірісі есебінен. «Аудандық маңызы бар қала, ауыл кент, ауылдық округі әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасына 1 млн 408 мың теңге аппараттың ағымдағы және іс-сапар шығындарына, ауыл әкімшілігі міндетін атқарғаны үшін мемлекеттік қызметкерлердің Б блогынан А блогына өтуіне еңбекке айырмасын мемлекеттік қызметкерлердің апталық біліктілік арттыру курсына іс-сапар шығындарын, «Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмысын қолдау» бюджеттік бағдарламасына 792 мың теңге, ауылдық

мәдениет үйіне қызметкерлердің функционалдық блоктар бойынша лауазымдық айлық ақыларын есептеуге арналған коэффициенттерінің өзгеруіне және жыл аяғында ауылдық округ әкімі аппаратынан ауыстырылған 3 шатат бірлік, яғни еден жуушы, қарауыл жұмысшы қызметкерлердің еңбекақы қорына бағытталды. Еңбек ауылдық округі әкімінің аппараты бойынша 1 млн 190 мың теңге, бұл да өз кірісі есебінен. «Аудандық маңызы бар қала, ауыл кент, ауылдық округі әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасына ауыл әкімінің еңбек өтіліне сәйкес еңбекақы қорына бағытталды. Қаракеткен ауылдық округі әкімінің аппараты бойынша 306 мың теңге, бұл да өз кірісі есебінен. «Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмысын қолдау» бюджеттік бағдарламасына Қаракеткен ауылдық клуб қызметкерлерінің біліктілік санаттарының көтерілуінен еңбекақы айырмасына бағытталды. Мақпалкөл ауылдық округі әкімінің аппараты бойынша 413 мың теңге, өз кірісі есебінен. «Аудандық маңызы бар қала, ауыл кент, ауылдық округі әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасына 413 мың теңге мемлекеттік қызметкерлердің біліктілік арттыру курсына баруынан қалыптасқан. «Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру» бюджеттік бағдарламасына 24 мың теңге бағытталды, — деді Нұрсұл Маратқызы.

Сондай-ақ ол ҚР Үкіметінің биыл 18 маусымдағы №543 қаулысына сәйкес Қазақстанның барлық өңірінде субвенция азайтылғанын айтады. Оның ішінде Қызылорда облысы бойынша шегерілген субвенция көлемі 14,2 млрд теңгегі құрайды. Осы арада биыл 9 айдың қорытындысымен экономика және қаржы басқармасы тарапынан облыс қаражаттарының игерілу нәтижесімен талдау жүргізіліп, алдағы нақтылау барысында барлығы 9,6 млрд теңгегі қысқарту ұсынылған. Жалағаш ауданы бойынша 143 млн теңге субвенция түспегендіктен қысқарту көзделуде.

Сессияда биыл қараша айына дейін Жалағаш кенті және ауылдық округтер бойынша үнемделген 66 млн 885 мың теңге субвенция қысқартылатыны айтылды. Тарқатып айтсақ, кент әкімінің аппараты бойынша 4 млн 569 мың теңге, бұл «Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру» бюджеттік бағдарламасынан үнемделген. Аққұм ауылдық округі әкімінің аппараты бойынша 1 млн 500 мың теңге, бұл «Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету» бюджеттік бағдарламасынан үнемделген. Ал Аламесек ауылдық округі әкімінің аппараты бойынша 815 мың теңге, бұл да «Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру» бюджеттік бағдарламасынан үнемделіп отыр.

— Аққыр ауылдық округі әкімінің аппараты бойынша 1 млн 744 мың теңге. «Шұғыл жағдайларда сырқаты ауыр адамдарды дәрігерлік көмек көрсететін ең жақын денсаулық сақтау ұйымына дейін жеткізуді ұйымдастыру» бюджеттік бағдарламасынан 44 мың, «Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру» бюджеттік бағдарламасынан 200 мың, «Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз

ету» бюджеттік бағдарламасынан 260 мың, «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша іс-шараларды іске асыру» бюджеттік бағдарламасынан 1 млн 240 мың теңге үнемделген. Еңбек ауылдық округі әкімінің аппараты бойынша 788 мың теңге, оның ішінде «Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету» бюджеттік бағдарламасынан 321 мың, «Өңірлерді дамыту» бағдарламасынан 321 мың, «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша іс-шараларды іске асыру» бюджеттік бағдарламасынан 467 мың теңге үнемделген. Ал Мөрәлі Шәменов ауылдық округі әкімінің аппараты бойынша 1 млн теңге, оның ішінде «Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету» бюджеттік бағдарламасынан 160 мың, «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша іс-шараларды іске асыру» бюджеттік бағдарламасынан 840 мың теңге үнемделген. Таң ауылдық округі әкімінің аппараты бойынша 44 мың теңге, бұл «Шұғыл жағдайларда сырқаты ауыр адамдарды дәрігерлік көмек көрсететін ең жақын денсаулық сақтау ұйымына дейін жеткізуді ұйымдастыру» бюджеттік бағдарламасынан үнемделіп отыр, — деді бөлім басшысы.

Мұндай үнемделген қаражат Қаракеткен, Мырзабай, Мәдениет, Мақпалкөл, Жаңақадия және Жаңаталап ауылдарында да бар. Мәселен, Қаракеткен ауылдық округі әкімінің аппараты бойынша 724 мың теңге, оның ішінде «Шұғыл жағдайларда сырқаты ауыр адамдарды дәрігерлік көмек көрсететін ең жақын денсаулық сақтау ұйымына дейін жеткізуді ұйымдастыру» бюджеттік бағдарламасынан 44 мың, «Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету» бюджеттік бағдарламасынан 380 мың, «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша іс-шараларды іске асыру» бюджеттік бағдарламасынан 300 мың теңге үнемделген. Ал Жаңаталап ауылдық округі әкімінің аппараты бойынша 1 млн 245 мың теңге, оның ішінде «Шұғыл жағдайларда сырқаты ауыр адамдарды дәрігерлік көмек көрсететін ең жақын денсаулық сақтау ұйымына дейін жеткізуді ұйымдастыру» бюджеттік бағдарламасынан 45 мың, «Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету» бюджеттік бағдарламасынан 1 млн 200 мың теңге үнемделіп отыр.

Шалғайдағы Жаңақадия ауылдық округі әкімінің аппараты бойынша 3 млн теңге, оның ішінде «Шұғыл жағдайларда сырқаты ауыр адамдарды дәрігерлік көмек көрсететін ең жақын денсаулық сақтау ұйымына дейін жеткізуді ұйымдастыру» бюджеттік бағдарламасынан 45 мың, «Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету» бюджеттік бағдарламасынан 231 мың, «Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру» бюджеттік бағдарламасынан 535 мың, «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша іс-шараларды іске асыру» бюджеттік бағдарламасынан 2 млн 189 мың теңге үнемделіп отыр.

Мақпалкөл ауылдық округі әкімінің аппараты бойынша 307 мың теңге, оның ішінде «Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету» бюджеттік бағдарламасынан 160 мың, «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша іс-шараларды іске асыру» бюджеттік бағдарламасынан 147 мың теңге үнемделген. Мәдениет ауылдық округі әкімінің аппараты бойынша 700 мың теңге үнемделген. Бұл «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша іс-шараларды іске асыру» бюджеттік бағдарламасынан 140 мың теңге үнемделіп отыр.

Сессияда Аққұм, Аламесек, Бұқарбай батыр ауылдық округтерінің өз кірістері 2 млн 800 мың теңгеге ұлғайтылғаны айтылды. Сәйкесінше субвенция қысқартылады. Барлығы дербес бюджеттен 19 млн 685 мың теңге қысқартылған.

Мұнан бөлек кент, ауылдық округтердің 2025 жылға жылдық түсімдер болжамына талдау жүргізілген. Қараша айына дейінгі талдауға үйлесіп, жол аяғына дейін түсімдер болжамының толық орындалмау қаупі бар. Енді Мөрәлі Шәменов ауылдық округі бойынша 300 мың, Жаңақадия ауылдық округі бойынша 846 мың, Жаңаталап ауылдық округі бойынша 300 мың теңге түсімдер жоспарынан 1 млн 446 мың теңгеге қысқартылған, бір жағынан шығындары да қысқартылды.

Жиында халық қалаулылары Өмірзақ Елеусінов, Гүлзат Құрманбаева, Ғани Дүйсебаев, Гүлжайна Айтжанова қаржыны қысқартылу себептері, ауылдардың түсімдерін өздерінің толық жұмсау мүмкіндігі, түсімдер болжамының кейбір ауылдарда орындалмау себептері туралы саяуал жолдады. Ауданның бас қаржыгері бұл сауалдардың барлығын жауапсыз қалдырмады.

Екінші мәселе бойынша аудандық мәслихат аппаратының басшысы Т.Сарбабаев баяндады. Ол аудандық мәслихаттың «Экономикалық даму, қаржы және бюджет мәселелері» жөніндегі тұрақты комиссия құрамына жаңадан сайланған депутат Л.Шәменованы енгізу, аталған тұрақты комиссия құрамынан Д.Құдабаевты шығару қажеттігін айтты. Ұсыныс депутаттар тарапынан бір-ауыздан қолдау тапты.

Сессия соңында аудан әкімінің орынбасары Әліби Байнахатов кент және ауылдық округтер бюджеттерінің жобасына қолдау білдіргені үшін депутаттарға алғыс айтты. Сондай-ақ ол Ақсу ауылдық округінің клуб ғимаратының басқа жерге көшірілгенін жеткізіп, ол нысанға қаз жүлесін орнатуға демеушілік жасаған халық қалаулысы Сәбит Жанашевқа ерекше алғысын айтты. Сессия жұмысын аудандық мәслихат төрағасы Өмірзақ Елеусінов қорытындылады.



Жалпы бұл салада еңбек өнімділігі бөрінен маңызды. Оның үстіне сала соңғы жылдары заманауи техникалармен жарақталуда. Оған жергілікті шаруашылықтардың қол жеткізуі үшін субсидия көлемі де артқан. Бұл бір жағынан аудандағы шаруашылықтардың еңбек өнімділігіне айтарлықтай оң әсерін тигізуде. Мәселен, биыл ауыл шаруашылығы техникасын сатып алуды субсидиялау көлемінің өсуін ұлғайту мақсатында 691,7 млн теңгеге 18 ауыл шаруашылығы техникасы сатып алынды. Осының бәрі саладағы өнім көлемінің артуына да айтарлықтай қол-

ғабыс болды. Мәселен, биыл ауыл шаруашылығы саласында 101,1 пайыздық өсім қалыптасып, 23 685,1 млн теңгегің жалпы өнімі өндірілген. Былтыр бұл көрсеткіш 20659,4 млн теңгегі құрады. Аудандағы 338 шаруашылықтың 202-сі, яғни 59,7 пайызы егін шаруашылығымен, 136-сы мал шаруашылығымен айналысады. Жалпы тізе берсек, салада мол табыс та, тың жалаулық та көп. Рас, соңғы жылдары аяқсу мәселесі жергілікті шаруаларды қос бүйірден қысты. Бірақ қарапайым еңбек адамдары бұл мәселені де еңсеріп, мол табысқа көңелуде.

Бәрекеелді!

Бұрын ауданда жол сапасына қатысты айтарлықтай мәселе бар еді. Соңғы жылдары жол құрылысы қарқын алып, елдің талап-тілегі ескерілуде. Бүгінде Жалағаш ауданының автомобиль жолының жалпы ұзындығы 240,9 шақырымды құрайды. Оның 50 шақырымы республикалық, 60,6 шақырымы облыстық, 130,3 шақырымы аудандық маңызы бар автомобиль жолы.

Жол құрылысы: 7 жоба жүзеге асуда



Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының 115 шақырымы, яғни 88,3 пайызы жақсы және қанағаттанарлық жағдайда. Ал 15,3 шақырымы немесе 11,7 пайызы қанағаттанарлықсыз жағдайда. Сонымен қатар аудан бойынша ұзындығы 239,4 шақырымды құрайтын 222 ішкі көше бар.

Биыл республикалық және облыстық бюджеттен 1,7 млрд теңге қаржы бөлініп, жол жөндеу бағытында 7 жоба іске асырылуда. Тиісті қаржыға 2,3 шақырымды құрайтын аудандық маңызы бар «Ақсу-Беркimbай көпірі» автомобиль жолы, Жалағаш кенті және 6 елді мекеннің 21 шақырымды құрайтын 38 көшесі жөнделіп жатыр.

Тарқатып айтсақ, «Қызылорда-Жалағаш-Ақсу-Беркimbай көпірі» автомобиль жолын күрделі жөндеу жұмыстарына облыстық бюджеттен 168,2 млн теңге қаралды. Бүгінде жолға қатысты жарқын жобаның ауылдағы ағайын игілігін көріп отыр.

Бұқарбай батыр ауылындағы 11 ішкі көшенің құрылысына 382,6 млн теңге қаралған болатын. Оның 50 млн теңгесі өткен жылы бөлінсе, биыл ел қазынасынан 294,3 млн теңге қаралды. Сондай-ақ облыс бюджетінен 38,3 млн теңге бөлінуде. Шынында биыл батыр атындағы ауылда жол құрылысы қарқын алды. Олай болатын жөні бар, өйткені жергілікті билік өкілдерімен кездескен сайын ауылдағы ағайын осы жол мәселесін оның сапасының сын көтермейтінін бірінші айтатын.

Аудан орталығында да соңғы жылдары жол құрылысы қарқынды жүруде. Әсіресе бұрын асфальт төселмеген ішкі көшелердің де сапасына мән берілуі жергілікті халықты қуантты. Биылдың өзінде Жалағаш кентінің 11 көшесін, яғни М.Байтөреев, Бұқарбай батыр көшесінің басы мен аяқ жағы, А.Ізтелеуова көшесінің аяқ жағы, Сәтбаев, Нұрғалиев, Б.Алтынбаев, А.Байсәлібаев, С.Сейфуллин, М.Мәметова, Шоңбай ақын, Ә.Молдағұлова көшелерін күрделі жөндеуге 678,7 млн теңге қаралды.

Кент тұрғыны Райс Бектібаев Болат Алтынбаев көшесінде тұрады. Осыған дейін жол сапасының сын көтермейтінін жергілікті биліктің бірнеше рет назарына салған. Бүгінде ол көше тұрғындарының талап-тілегі ескерілгеніне дән риза.

— «Жол азыбын жүрген білер» дейтін еді бұрынғылар. Расында солай, Болат Алтынбаев көшесінде бұрыннан тұрамын. Бұрынды тас төсегендей болды, бірақ ол жаңбырлы күндері жайылып кетті, көшенің ой-шұңқырын айтып тауыса алмаймыз. Жергілікті әкімдікке бұл жайында талай рет айттық. Биыл сол талап-тілегіміз ескеріліп, қуанып жатырмыз. Көшемізге қиыршық тас та, асфальт та төселді. Жалғыз осы көшенің тұрғындары ғана емес, аудан жұрты бұл жобаның игілігін көріп отыр. Сондықтан елдің мәселесін ескеруісін қалдырмаған жергілікті билікке алғыстан басқа айтармыз жоқ, — дейді кент тұрғыны Райс Бектібаев.

Иә, ағамыздың сөзіне алып-қосарымыз жоқ, шынында бұл сапалы көшенің игілігін тұтас аудан жұрты көріп отыр. Аудан әкімінің де «Әрбір жобаның халық игілігін көруі керек, сондықтан оның сапасына бірінші кезекте мән беріледі» деп мердігер мекемелер өкілдеріне неге жиі тапсырма беретінін түсіндік.

Қазір баяғыдай емес, ауылдық елді мекендерде де жол құрылысы қарқын алып, бұған қатысты ауылдағы ағайынның да талап-тілегі ескерілуде. Биылдың өзінде Мөрәлі Шәменов ауылындағы Жамбыл, Ердузелова көшелерінің автомобиль жолдарын күрделі жөндеу жұмыстарына 69 млн теңге қаралды. Сондай-ақ жоба құны 518,3 млн теңгегі құрайтын Қаракеткен және Далдабай ауылдарындағы автомобиль жолдарын күрделі жөндеу жұмыстарын бастау үшін биыл 165,3 млн теңге және жобаны толық аяқтауға облыстық бюджеттен 341,6 млн теңге бөлінуде. Ауылдық округ әкімі Әділ Тоқтаров жалпы қос елді мекенде барлығы 16 ішкі көше барын айтады. Қуантарлығы, соның барлығына бүгінде күрделі жөндеу жұмыстары жүріп жатыр.

— Бұйыртыса, биыл жол сапасына қатысты мәселеміз 100 пайыз шешімін таппақ. Мердігер мекеме бірінші кезекте сапаға мән беруде. Олай болуы да заңдылық, өйткені ертең оның игілігін халық көруі тиіс. Сондықтан әрбір жоба өміршең болуы керек. Аудан әкімінің де басты талабы — осы. Ауданда бірінші кезекте инфрақұрылымды жақсартуға негізделген жобалардың қаржылай қолдау тауып жатқанына қуанамыз. Ауылдық емхана ғимаратына қатысты да басты мәселеміз болатын. Қазір жаңа нысанның игілігін халық көріп отыр. Бұйыртыса, енді жолға қатысты да мәселемізге нүкте қойылады, — дейді ауыл әкімі Әділ Тоқтаров.

Жалпы қай ауылды қарасақ та, соңғы жылдары жол құрылысының қарқын алғанын аңғару қиын емес. Әсіресе шалғайдағы елді мекендер жұртының да бұл мәселеге қатысты талап-тілегі ескеріліп отыр. Мәселен, шалғайда орналасқан Аққыр ауылында жоба құны 486,5 млн теңгегі құрайтын Ы.Ақмырзаев, Ш.Есов, М.Ахметов, Аққыр, Н.Төспенов көшелеріне күрделі жөндеу жұмыстарын бастау мақсатында облыстық бюджеттен 180,5 млн теңге бөлініп, 12,8 млн теңгесі қысқартылған. Бұл жоба да 2026 жылға өтпелі.

Қазіргі таңда Жалағаш ауданы бойынша елді мекендерге бағытталған негізгі күрежолдың барлығы жөнделуде. Ел Президентінің, Үкімет басшысының және облыс әкімінің қолдауымен ауданаралық жолдардың мәселелері толық шешімін тауып отыр.

Бұйыртыса, келер жылы да ауданда жол құрылысы қарқын алмақ. Өйткені әлі де жоба-сметалық құжаттары әзірленіп, қаржыландыруға ұсынылған ішкі көшелер бар. Осыған дейін Жалағаш ауданының жол саласы бойынша барлығы 3 млрд 394 млн теңгегі құрайтын 13 жобаны қаржыландыруға облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасына бюджеттік өтінім жолданады.

Бетті дайындаған Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Әңгіме

Ананың арманы

Мен әжемді дүниедегі ең бақытты ананың бірі санайтынмын. Өз құрсағынан шыққан үш ұл бір қыздан өһін-өскен өркеннің өзі кішігірім бір ауылдай боп қалдық. Ең үлкені менің әкем Көсембай – колхоздың бас бухгалтері, дүниені қалай шайқап жүремің десе де қолынан да тілінен де көледі. Ортаншысы Әсембай – колхоздың маңдайқалды шопандарының бірі. Мәскеу, Алматыдағы мәжіліс, көрмелерге жылына үш-төрт мәрте барып қайтады. Кіші ұлы Еселбай жоғары оқу орның одан кейін аспирантураны бітірген, ғалым деген атақ алуға сүйем қарыс жүрген адам, қазір аудандағы беделді қызметкер, ал көңжесі Мәржәпия – үш ағасының арқасында маңдайынан өшкім қақпай бұла болып өскен, адуын қыз, жуырда ғана ауылдағы ең көрікті жігітке ұзатылды.

Міне, әжемнің барар ерістері осындай. Ендігі бір аңсайтыны – шөбере сую, тек әттен нөмерлері көмелетке толмай жатыр. Неме-релерінің ең үлкені – мен, он алтыға быыл ғана толдым. Әрине, он сегізге тола қалған күнде де үйлене қойайын деп жүрген мен жоқ. Бірақ әжем-нің жатса-турса армандайтыны – менің тезірек өсуім.

– Жеңісбегімді аяқтандырып, осының бір шүйкебасын көрсем, – деп тілейді.

Мен оның сөзін естімеген адамша қызарандай күліп, үнсіз құтыламын. Былай шыға бере ойға қаламын да, іштей «Әже-ау, көресің ғой әлі бәрің. Тіпті мені қойып, былғ ғана мектепке барған Есеттің де шүйкебасын көресің әлі» деймін.

Шынында менің әжем әлі жас, алпыстың үшеуінде ғана, көрілікке жөндірімеген, жүріс-турысы жинақы, пысық. Алайда қарадай жүріп өлімге даярланғанына біраз жыл болды.

– Ақсазыңның түбінде бір пәле бар. Қанша жүргізәер дейсің, алып тынады ғой, – деп қояды.

Әзінің еңсіндейді үлкен көбеше қара сандық үй баласы әперген үш қамзол бар, көк барқыт, жасыл барқыт, қоңыр барқыттан ті-гілген, бірде-бірін мығына ілген емес, әдемілеп қаттап-бүктеп, қалампырлап салып қойған. Ол аздай, әнеу бір кезде Мәржәпия қара плиотен тағы бір қамзол тігіп өкпел берді. Сонда әжемнің қазір, сүйегіме салынады деген төрт сұжана қамзолы бар, ал тазадан тігілген, атлас, шөй, жібек көйлек дегендер бүкіл бір ауылдың кемпір-леріне үлестіруге жетерліктей шығар.

Амал не, әжем соның бірін кимейді. Ылғи бір арзан бұлдан тігілген көйлектер мен әкемінің етек-жеңі қырылған ескі пиджанын киіп алып, ертеден қара кешке дейін салп-сүлп етіп, шаруасынан қолы босамай жүргені. Бейнетқор-ақ адам. Қай баласының үйіне барса да, басынан асқан үй шаруасына тап болады.

Әкем колхоздың бас бухгалтері бола тұра біздің үй қысы-жазы отынға бір жарыған емес. Ағаш отындар арбалап келіп те жатады, бірқаш жылған жұтқандай еш жас келмейді. Бірер жетіден кейін сирағымызды жаққандай болып отырып қаламыз. Сондайда әкем маған бір арбын жөкеңезді де, мал жайылған еріске барып күні бойы тезек төрөміз, күрай орамыз, ал кейде кетпейтін тобылғы шабаңыз.

Әсембайдың үйіне барса, көзі сығырандай жасурап, күндіз-түні ескі қара іс машинасының құлағынан тусалады. Соның үпір-шүпір болған қара сирақ балаларына киім тігіп, ескі-құсықсын жамап-жасқап, кір-қондарын жуып беріп тақа болдырады.

Ал Еселбайдікіне барды дегенше, әжемді көбешедей қара сөмкені арқаалап, аяғынан таусылып күніне бір рет аудан орталығындағы дүкен атаулыларды адақтап шықты дей бер. Қай дүкеннің алдында кезекте тұрған жұрт бол-са, әкем солардың ішінде.

Қысқасы, бір баласының үйінде жаны жай тауып, рахаттатынып отырған емес. Енді соңғы кезде Мәржәпия да қыңқылдап, мазасын алып жүр. Аяғының ауырлай бастағаның жақында сөбілі бол қалса, әкемінің өз қолына барып тұруын жиі айтады.

Мүмкін соның бәрін де ана үшін бақыт шығар. Өле-өлгенше қолынан келгеніше балаларының отымен кіріп, күлімен шыққанды әрбір ананың өз-ақ тілейтін шығар. Өйткені әкемің көрші-көкел көмпірлерге: – Е, Алпа, осылардың бейнеті маған әкейт емес пе. Осылардың алдында өл-сем, арманым деп айтқаным талей естілгенім. Сондықтан мен әжемді дүниедегі ба-қытты ананың бірі санайтынмын.

Кейде бз ағайындар балалар өзара дүр-дараз болып, шаң-шұң шығарып, төбелесіп қал-ғанымызда, әкем жаңушыра келіп армызға түсетін, бірімізге ұрысып, бірімізді жұбататын. Ал ара түскенде жиі бермей, қызыл шеке бола бастасақ, әкем бар даусымен налып, айқай салушы еді.

– Құдай, құдай... Осы ит жыны бірікпеген итердің ортасында азапқа салғанынша, алсаң етті мені! – дейтін.

Мұндайда жүзіндегі әжімі қалындап, өзі бір уыс боп бүрісіп, қасірет шеккен күйге өнетін. Әкемінің осы сөздерін естіп, осы күйін көргенде тұла бойым шымырлап кетуші еді. Ұшып түсіп, аяғына жығылып, бас ұрып, жалбарына көшіріп сұрағын келетін. Бірақ осы сәтінә қарап оның бақытшы екеніне шек келтіруден мүлдем аулақпын.

Әкем менімен кішкене күнімен сырлас. Екеуіміз оңаша қалғанымызда өткен-кеткенін айтып, ерінен жастай жасп қалып, үш ұл, бір қызды қалай адам күйіп өсіргенін әңгімелейтін. Мен әкеміңнің жүрең бейнетіне, көрметтейі тәзімділігіне жаным ашы отырып сүйсінемін. Сондайша қолымаған келсе, әкемді үлде мен бүлдере орап, тырп еткізбестен төрте төрт қабат көрпенің үстіне отқызылып қойсам деп арман етуші едім. Менің осы ойымды жақсы ұғатын әкем: – Қозым, қозым... Сенің осы айтқаныңның өзін-ақ маған үлде мен бүлде емес пе. Айналдым сенәк! Басқа күшіктер төгіс жиналып бір төбе болғанда, сен өзің бір төбе емессің бе маған, – деп өмірөнетін.

Сол әкем биыл менімен бұрынғыдан да етене сырласатын болды. Жазағ салым бір айдай Әсембайдың үйінде жатып қайтқаннан кейін көзі кіртіліп, жүдеу тарта бастады. Ешкімге байқатпай жиі-жиі күрсініп, үйілейтінді шығарды. Балалар өзара төбелесе болса, бұрынғысынан да қатты қапаланып, «құдайбы», «ку» да, «шү-нак» та деп өбден даттап, ашы-ашы қарғанатын.

– Қу Құдай, шүнак Құдай, осылардың күйігіне күйдіргенше, алсаң етті мені, – дейтін күйіліп.

Ал кейде оңаша қалып жүр түткен болып отырып, ешкімге көрсетпей өзінен-өзі көзінің жа-сын іркіп алатын.

Бір күні екі көштің арасында біздің үйге Мәржәпия келді. Үйдіңдегі шаруасын істеп жүріп, шығып кеткен беті болса керек, жеңін түріп алған білет қамыр-қамыр алды-ашың үш. Аузы сыпылдап, саяз шайнап жүр. Әдетіңше шол-жандап келіп: – Тәтемнің (менің шешемді «төте» дейтін) не тәттісі бар екен, жеп кетейінші, – деп ас тұратын жерлерді тіке бастады.

Онан қолына іліккендерді қомағайлана асай жүріп, төр бөлмеге кірді де, шифонер, чемодандарды ақтарды. Бір уақытта сыңқыл-қтай күліп, қолтығына әлдене қыстыра шықты



да: – Төтем іздемесің, мына біреуін мен алдым, – деп жүгіре басып кетіп қалды.

– Мынау неғып жүр ей, екі көштің арасында ербиіп, тағы несін әкеттің, – деп бажылдаған әкемінің сөзін құлағына да ілген жоқ.

Біраздан соң жұмысынан қайтқан шешем, (балабақшада істейтін) кешкі асты әзірлеп, оны ішіп болғаннан кейін әкеммен ақлдасқандай: – Бүгін өзіме біркөйлектік зат алып едім, соны қалай тіксем екең, – деп қойып, төрт бөлмеге барып, шифонерді ашты.

Ашты да астан-кестең ақтарып, ас бөлмеге қайта шықты.

– Сіз ашып, бір жерге қойған жоқсыз ба, әже? – деді.

– Жоқ, көрмедім, – деді бір пәленің боларын сөзген әкем аянышты үнмен.

Осы сәттегі ұрты сулапып, қуарған қалың әжімді әкеміңнң жүзіне адам қарарлықтай емес еді.

– Ибай-ау, қайда кетті онда?

Күрсіндетіп алма жеп отырған кішкентай қарындасым мұрынн бір тартып қойып: – Жаңа Мәжия төтем бірденеңі ұрлап, алып кетті, – дегені.

Сол сол-ақ екең, шешем тас-талқан болды. Көзі шатынап, көкпеңбек болып долданып, Мәр-жәпияны көктен алып, жерге салды. Айтпаған сөзі қалмады. Тісің шұқып отырған әкем жайлап қана: – Же, болды ғой енді, сол бір төрт метр зат өкеніңнң құны емес шығар, –деп еді. Шешем одан өрмен тулап түсті. «Осы сенің тұқымдарыңнан-ақ құтыла алмадым, не асқа жарытпайды, ау-зыңнан жырып, не киім қисбайбейді!» деп өзіне тарпа бас салды. Ақыры: – Кірсіңші енді, сол қатын осы үйге, тура аяғын сындырамың, – деп барып тынды.

Әкем лам деген жоқ. Бір-ақ уыс болып шөгіп, бүрісті де отырды. Төсекке де сол бойын жазбаған күйде бір уыс қана болып жатты. Түні бойы ұйықтаған жоқ, әлсін-әлсін естілер-естілмес күрсінуемнң үйілеуімен болды. Түннің бір уағында оның үнсіз жылап жатқанын да сездім.

Бірақ ертеңіне сол күндегі әдетіңше түк болмағандай, қора маңындағы көпектен тексеретін жинап, түске дейін таба нан жатпты. Онан соң маған: – Бүгін түстен кейін бір тобылғы шауып өкелейікші, арба жекші, – деді.

Әкем екеуіміздің ең бір жақсы көретін сәтіміз – арбаға отырып отынға баратын ес. Атты жай аяңға салып қойып, әжелі-немерелі екеуіміз нағыз тең тұтас сырластардай-ақ анаым-мына-ны сөз етіп, қызу әңгімеге кірсеміз. Әкем мені еш уақыт жассыныңп, кеміспейді, қайта мені меде-уде тұтқандай көңілінде кірбіңі, назы болса ай-тып, шерін тарқатады.

Жаздың ми қайнатқан ыстық күні. Түс ауа аптабы сәл қайта бастаған. Бірақ төңіректің бәрі аңызқақ соғылып, зеніп тұр. Шыбыңдап мазасы кеткен ат жай жүрсе де қара тер болып келеді. Әкем екеуіміз арба үстінде қол шатырды көленкелеп отырмыз. Алған бетіміз – Терең сай-дағы тобылғыны қия. Әкем сол Терең сайда жасырақ кезінде қалай тобылғы шапқанын әңгі-мелейді.

– Ол кезде әнеу бір тұмысқа атқан қайна-татын, – деп Терең сайдың түмені тұсындағы найзаша шаңшылған көк тасты нұсқап қойды.

– Соған жағу үшін тобылғы шабабыңыз. Балалардың бері жас, осы Көсембай сонда он бірде де, Әсембай сегізге, Еселбай алып-тапыл ғана жүретін. Үйге қалдырып кетейін десем, сөніп тапсыратын адамым жоқ, сонан үшеуін де күнде өзіммен бірге тобылғы шабатын жерге алып барамын. Сонда күніне бір арба тобылғы шабатымын. Жігіттің жігіті ғана ілесуші еді маған. Кешкісін бір күнде шапқан тобылғымыз таудай етіп арбаға тиегенде (ондағы арба қандай?!) әлігі жігіттер: – «Апыр-ай, Бәзіла-ай, тобылғы шабу үшін жаралғаның ғой, сіре», – деп қайран қалатын...

Терең сайға да жеттік. Атты сайдың таба-нына доғарып, кетпендерімізді алып, тобыл-ғылы қияға да шықтық. Мен екі кетпенді ығыма салып, алдына түстім де, әкем екі қолын артына қайыра ұстап жайымен дем ала, дем ала көтерілді. Ентіге жүріп, сөйлеп келеді.

– Шіркін-ай, есіп кеттің-ау... Сол жылдары тірт-тіылып қыпыл-ақ тастап едік, – деп қалың өскен тобылғыға сүйсінді.

Қияның тобылғысы шынында да бітік екен. Шетінен қамшыға сап болардай қызыл күрөң тобылғылар адамның бойымен бірдей, әр түбі бір арқа отын. Арасынан өтіп жүру қиын.

– Жәнісқан, міне, мына жерден бастайық. Баяғыда осы арадан мен, әнеу бір тұстан Зарқом марқум, онан өріректен қазіргі мына сырышы Исабай шал түсіп жарысушы едік... Біссмілла... Әйбұй, Жеңісқан, мынау түскірің жеп-жілген ғой, алдындағы ауыр кетпенді бер... Іә... ым-м, ес-тімесе іс өне ме, балам-ау...

Әкеміңнің өңі жасарғандай, өзгеше бір гүл жайнап шыға келді.

Ала-құла, бірі бар, бірі жоқ тістерін көрсетіп күлді. Онан соң алақанына түкіріп қойып, кетпенді құлаштап көтеріп, сілтей жөнелді. Кетпенді әр сілтеген сайын екі иінінен ыңқылдай шыққан «үйілеу» естіледі. Бірақ сол «үйілеудің» өзі әкеміңнң әр қимылына өкпінді салмақ қосып тұратын сияқты көрінді. Өң-сәтте біз әзі үлкен ара тобылғыны қопарып тастады. Шаңыңтан әжімді жүзінен айғыз-айғыз болып тер ағып, алқына келіп демалуға отырды.

Деміңді ал, балам. Аса зорланба, – деді маған.

Екеуіміз енді қатарласа отырып, солығы-мызды басып, үйден алып шыққан айран толы торсықтың аузын шештік. Әкем қышқылтым, салқын айранды тамсана отырып асықпай жұ-тады. Шөлі қанған соң кімешейтін етпеймен ау-зың, маңдайының терін сүртіп, маған мейірлене қарады.

– Қуатым менің, қозым, – деп көкілімнен сипап қойды.

Тобылғыны тағы біраз өңдіре шауып, дема-луға екінші рет отырғанымызда әкем маған сыр

қылғандай іште жатқан бір әңгімесін бастады.

– Әлгі Әсембай сенің өкеңіңнң бетін көрмеймін деп ренжіп жүр, – деді торыққан үнмен.

– Көсембай да оңбайды, сол иттің алаша-ғына тіпн қайтеди екен десеңші. Осы жазда жүн-ді жақсы қырыққаны үшін колхоз сыйлық жазған екен, сонысын мынау осы жақта сыртынан қол қойып, алып қойыпты ғой. Соны анада мен үйінде жатқанда естіп, бұлан-талан болып: – «Біз мұнда қысы-жазы мал соңында телім-телім болып жүреді екенбіз де, сыйлықты жаңы ты-ныш жүрген сол сыртымыздан қол қойып алады екен ғой. Мен барып басқармаға арыз етемін», – деп қиылықты салды ғой. Мен де ұрыстым өзіне: «Ауысқаның сол ма еді, ит. Бірінді-бірін сүйеудің, жебеп-қолдаудың орнына, қит етсе, арыз айтпаң, осыбір сөйтемің, ойбай бүйетімін деп, жауығуға әзірлендер, түге», – деп. Көсем-байдан сұрасам «Алғаным рас еді, өйтіп ренжі-тің қайдан білейін» дейді.

Керегі не еді десеңші сонықын алып. Ол иттің мінезі де мінез емес, дейір ғой. Бір күні болмаса, бір күні үлкен деп сыйламай, тік келіп айтып тастаса, кәңілін қалдырады... Көңіл деген бір қалса, жаман ғой. Беу-у, Құдай-ай, осы-лардың арасына дәнекер боламын деп-ақ өле-тін болдым... Бәрінің өмгені бір ананың ғана, бір менің ғана ақ сүтін еді...

Әкем ауыр құрсып, маңдайының терін сүртті. Қабағы кіртіліп, ұрты бұрынғысынан да ортайып, өбден діңкелеп шаршаған кейпіте оты-рып қалды.

– Мәржәпия да оңбайды, түнде ғой, өне, сенің шешенді қан қақсатып кетті. Қанша ай-тамын сол қызға, «Енді үйің бөлек, күйің бөлек жанысң, жеңгелеріңе абайлап еркеле, қит ортада бауырларыңды ренжітпй аласың» деп. Құлағына кірмейді ғой, неғұлған кеше өкенін. Тіпті әрі-беріден кейін қақсай-қақсай заржақ атанды екенсің. Түнде өне, сенің шешен де ішіндегіңнң төгіс ақтарып, ал сол жақсы ма? Ең болмаса, менің көзім тіңі тұрғанда тату болса екен де, мен өлген соң не болса о болсын... Құдай ғой, мен де осылардың тозағына күйдіріп қойған... Ел қайдан білісін, «Ойбай, анау пәленшені қарашы, жетім-жесір болып өсіп еді, енді өне, ба-лаларының түздегіңді түзде, ойдағысы ойда ше-тінен жетілген, болған-толған, бақыты жанған кемпір екен» дейді. Ал мен сорлы осылардың иттігін білдірмеймін деп түздегісіңе түзде, ойда-ғысына ойда тыраштанамын. Қайсысының үйіне барсам да «Күліңдерім ренжімесе өкен» деп отымен кіріп, күліңмен шығамын. Мен оларға өне емеспін, жалдап алған бір күншім. Баяғыда бай ауылдарының жалдап алатын сондай бір құн-дері болушы еді.

Әкем иегі дір-дір етіп кемсепкен, көзіне іркілген ыстық жасты төгіп-төгіп алды. Мен сай-сүйегім сықырлап, енді аз болса өкіре жылап, әжемді бас салуға шап отымын. Тамағыма жас тығылғандай болып сөйлей алатын емеспін...

Сөйтіп әкем екеуіміз тобылғыны дәу бір арба қылып шауып қойып, терен сайдың ішінде шер тақпайтұсып, күң ұрсына қонғанша отырдық. Үйге кешкі салқымен қайттық.

Ескі алдына әкеліп, тобылғыны түсіріп, үйге кірсек. Әсембайдың он үш-он төрт жасар үлкен баласы келген екен. Әкем оны мекіріне іскеп, маңдайынан сүйді.

– Қара пұшығым-ау, жігіт болып өсіп қалпы-сын ғой. Әлгі жаман өкең қайда? Сол кітаптарын кемпіріп жатыр ма? Неге келмейді? – деп үсті-үстіне бастырмалата сурады.

Сіре, бір ай көрмегенге кіші ұлын сағынып қалған сияқты.

– Қолы тимейді, – деді бала.

– Қолы тимеді, – деп оның сөзін көкете қайталады әкем.

– Бір күні демалысында осы тұрған жерге машинасымен сыр етізіліп, келіп-кетуіне болар еді ғой.

Осы кезде төргі бөлмеден шыққан менің шеш-ем: – Әлгі кіші келіңізсің «апам деметейді-ау» деп ең болмаса бір-екі мәмітп те бермепті, – деп сөзге кілігі кетті.

– Же, мәмітпі бар болсын, деметпеймін. Өз-дері аман болсыншы, – дейді әкем шешемнің сөзіне мен бермей.

Менің шешем мысықылдағандай көкете күлді.

– Келіңіздің қолыңыз қатты екенін білесіз, өрине, деметпейсіз.

Әкем жаратпай оқты көзімен бір қарады да, бұрылып әрі қарай өтіп кетті.

– Сондай да сөз бола ма екең, – дедім мен ыза болып.

– Ибай, енді қалжың айтпа да болмай ма, – деп құлағы болды шешем.

«Қалжың», осы «қалжыңның» әжеме шаңшу-дай қадалатынын ұқсаң етті ана-ау! Жоқ, елде өз басыңа келмей ұқпасысың...». Күйіп кеттім, бірақ өз анама не дей қойайын.

Бұрындары отыннан қайтқанда бір самау-рын шайды бір өзі төңкеретін әкем, бұл күні екі-үш шыны-аяқтан әрі іше алмады.

– Жүрегім аяқталып, батпай отырғаны, – деді. Бүгін күндегілерен ерте жатты. Ертеңіне таңер-тең шоғын оянып: – Бұл шекілдеуік шаққан қай-сысың? Менің тамағыма қабы кетіп, тұрып қал-ды ғой, – деп басын көтерді.

Бірақ шекілдеуік шақпақ түгілі, біздің үйде шекілдеуіктің тұқымы да жоқ еді. Төсегінің үс-тінде отырып, қақырылып-жеткірініп, жұтынып әлөкте түсті де қалды. Жұтып жіберсін деп су да өкелдік, бірақ еш көмепі болмады. Ертеңгі шайға әкем ел қатарлы отыра алмады. Дәреу дәрігер шақырттық. Әкемің аузын ашып, тамағының ішінен де, сыртынан да басып қараған дәрігер әкем мен шешемді оңашалап алып, науқастың өте ауыр науқас, қыптамас екенін айтты.

Осыдан кейін әкем ауруханға жатып та, үйде жатып та ұзақ емделді. Бірақ айығудың орнына науқасы күн санап күйеіе түсті. Әкем тамағынан мүлдем ас өтпейтін халге жетіп, өбден жүдеді. Салдырап күр сүйегі ғана қалды. Ендігі жерде аузына қара суды тек бас қысқпен ғана тамызып отыратын болдық.

Біртіндеп әкеміңнң тіршілігінен күдер үзе бас-тадық. Түн баласына күзетіп отыруға тура келді. Өбден әлсіреп, күні жеткенін сөзді-ау деймін, бір күні «Әсембай мен Еселбайға хабар беріндер, арыздасып қалайын» деді. Дәреу ауданға да, таудағы Әсембайға да адам шаптырдық. Түс-ке жақын бір машина болып үйіліп-төгіліп бар отбасымен Еселбай, бірер сағаттан кейін бір машина болып Әсембайлар келді. Бәрі келіп жылап-сықтап, әкеміңнң қолынан сүйіп, маң-дайынан іскеп, бала-шағаларымен қоршалай отырды. Әрқайсысы арыз-армандарын айтып, ақтық демі қалған аяулы аналарына жүдөйрі қарайды. Бәрінен де Әсембай бостая екен.

– Анашым-ау, анашым-ау... Арманда кетіп барасың-ау, Арманың не, арманың? – деп бір-екі рет төніп барып, жылап-жылап алды.

Әкем оған бозара қараған күйі «қылама» дегендей ерін қ быырлатты. Сіре, қысылып жатқан болуы керек. Сол қысылудан тек күн ба-тар сәтте ғана айықты.

– Су.

Мен аузына бір-екі тамшы су тамыздым. Өл-денгендей болды. Сыбырлап қана: – Сыртқа шығарсың, – деді.

Беріміз қауымжаулап сыртқа алып шықтық. Жаздың маужыраған желсіз тымық көші. Күн уасына қонға таяпты. Аспан көк мөлдір. Әкем дәл үйдің іргесіне отырғыз дегендей ишарат көрсетті. Екі-үш қабат қиы төселген іргеге оты-рып, әлсіз қолымен көзін күннен көлегейлеп төңірекке қарады. Кең дүниені соңғы рет бір ар-мансыз қарап қалайын деген сияқты, әр нәрсеге шұқшыя қадалады.

– Арманыңды айтшы, ана? – деді Әсембай.

– Арманым... бар ғой, – деді әкем үлсіз үнмен.

– Арманым – сөңдердің татулықтары...

Осы мезетте әлдеқайдадан алыстан аңырта шағырған әкемі бір әуен естіді. Бәріміз де септ етіп құлақ тостық. Жасөспірім жігіттің ауқымды көң даусы.

Талдан таяқ жас бала таянбайды, Бала бүріт түлкіден аянбайды... – деп жаңғырғандар созады.

Әкем дір ете түсіп, қолын көлегейлеген күйі алысқа тесірейе, тесілді де қалды.

– Мынау бір ескі әуен ғой, біздің жас кезімізде шығып еді, – дейді дегбірсіздене сыбырлап.

– Айтып келе жатқан Нәбиден-ау, шамасы.

Даусы қандай жақсы еді.

Енді көрдік, ауылдың төменгі жағындағы жалғыз аяқ жол

ТҰМА

балалар шығармашылығына арналған бет

ҚҰРАҚТАЙ БАЛҒЫН, БҰЛАҚТАЙ МӨЛДІР

Біздің басылым бұдан бұрын балалар шығармашылығын қолдау мақсатында «Тұма» айдарын ашып, онда жергілікті жас ақындардың бір топ өлеңдерін жариялап, қауырсын қалам иелерінің балауса жырларын оқырманға паш еткен болатын. «Тұма» айдарының кезекті нөмірінде балалар ақыны Адырбек Сопыбековтің бір топ өлеңдерін жариялап отырмыз. Бұл тартуымыз жас жеткіншектерге керемет көңіл-күй сыйлайды деген ойдамыз.

Сонарда

Атам менен ағам да,
Аңға шығып қайтып жүр.
Ол туралы маған да,
Көп әңгіме айтып жүр.
Аңға шықсам екен деп,
Елендеп те каламын.
Кейде еріп кетем деп,
Мазаларын аламын.
Тұрдым да бір ертерек,
Ұқсайын деп соларға.
Күшігімді жетелеп,
Шығып кеттім сонарға....
Көтерілген күн көзі,
Жауған екен қар қалың.
Жосып жатыр тек ізі,
Жорғалаған қарғаның.

Жусаны мол бел еді,
Қар жамылған дала аппақ.
Ала күшік келеді,
Жан-жағына алақтап.
Ұзап кеттік ауылдан,
Қашан аңға болам тап?!
Аң жоқ, бірақ табылған,
Көлем әлі алаңдап.
Қоян кенет секірді,
Қос құлағы селт етіп.
Қатты үркіген секілді,
Күшік кетті селк етіп.
Сасып калдым өзім де,
Жолбарыс па екен деп.
Қоян соның өзінде,
Кетіп қалты секөңдеп.

Кәмпитіңнен берші

Анарбай мен бұл Шынар,
Жұмыс десе құлшынар.
Бұлар үйге кіргенде,
Үйден қалай құр шығар?!
Бұлар дос қой сөзсіз-ақ,
Әңгімені сәл созсақ,
Ұртым кеткен томпайып,
Бас ауырып, тіс сыздап.
Жағым іскен, көрші кеп,
Емдемесе емші кеп.
Сөйтсем Шынар қоймайды:
– Кәмпитіңнен берші, – деп.



Ақ самаурын

Көкем менің – қауыншы,
Ағам менің – егінші.
Апам менің – сауыншы,
Жеңгем менің – тігінші.
Үйде өзім қаламын,
Болды оқылып сабағым.
Сексеуілді аламын,
Тұтатамын самаурын.
Жұмыс бітті біртіндеп,
Сүрттім еден, айнаны.
Екі иығы бүлкілдеп,
Ақ самаурын қайнады.
Дастарханда бөрі сай,
Не керекті толтырдым.
Енді әжеме қызыл шай,
Құйып беріп отырмын.
Болды енді бөрі жөң,
Қантты шайға салады.
Терлеп-тепшіп ақ әжем,
Ертегіні соғады.



Тамшы

Осы біздің ауылдың,
Ауа райы қызық-ақ!
Алды жетті дауылдың,
Ойнап жүр ек күнұзақ!
Бұлт торлап ап ілезде,
Аспан толды жарқылға.
Жаңбыр құйды бір кезде,
Паналадық шатырға.
Аң-таң болып жатырмын,
Ел-сел етті даланы.
Дәл төбесін шатырдың,
Тырсылдатып қағады.
Қарап едім төбеден,
Тамшы тама бастапты.
Су болмасын деп еден,
Қоя салдым тостақты.
Бізді қуып келгендей,
Көзіп-көзіп даланы:
«Шы-ық-қ!» Шы-ық-қ!
Шы-ық-қ!» дегендей,
Тамшы тынбай тамады.

Күншуақ

Қыс өтіп,
Көктем көп еді.
Бұлт та жоқ,
Аспан ашық-тын.
Күн нұрын көктен төгеді,
Далаға мен де асықтым.
Апама анау қара әні,
Киізді жайып тастаған.
Жадырап әжем қабағы,
Ұршық иіре бастаған.
Жан кіріп қапты бұтаққа,
Түрленіп дала күн санап.
Қарайды ағам кітапқа,
Жеңешем отыр жүн сабап.
Бақташы атам өріске,
Көз салып ұзақ қарайды.
Сүйсініп,
Бірге ілескен,
Бұзауын сиыр жалайды.
Жайлауым қандай көк еді,
Көл-дағы жатыр тыншып-ақ.
Күн нұрын көктен төгеді,
Ғажап қой, қара, күншуақ!



Менің атам

Атам ұста білемін,
Сом денелі, бөрікті.
Сыбанып ап білегін,
Басып жатыр көрікті.
Үлкен төс тұр қасында,
Балға қолдан түспейді.
Менің атам осында,
Көп нәрсені істейді.

Кетпек, айыр, тырманы,
Тракторға соқаны,
Әп-әдемі арбаны,
Атам қолдан соғады.
Кішкентайлау болғанмен,
Атама келді ұқсағым.
Үйреніп ап одан мен,
Қоларбаны жасадым.

Ұстаз

Күлімдеген,
Күнім деген,
Қамқор болған ұстазым.
Жаны жайсаң,
Жайдары жан,
Ұғындырған сөз сазын.
Берін білген,
Білім берген,
Жас ұрпаққа талмастан.

Әрбір жастың –
Қарлығаштың,
Көңіл сырын дәл басқан.
Талаптанып,
Қанаттанып,
Өмір сырын ұғамыз.
Білім алып,
Тұлғаланып,
Азамат боп шығамыз.

Тұсауымды кесіп ең

Құтты болсын мерекең,
Жаса «Ұланым» – бөрекем.
Сен аялап өсірген
Жұлдыздарың көп екен.
Кемел, Жақаң, Оспанқаң,
Түскен жоқ қой аспаннан.
Кешегі өткен Бердібек,
Қадамы сенен басталған.
Бал арадай нәр жиса,
Ақын Күләш, Фариза,
Сансызбай, Машқар, Тынышбай,
Бөрі өзіңе риза.
Тұсауымды кесіп ең,
Көтерілді несібем.

Қалам ұстап қолыма,
Мен өзіңнен өсіп ем.
Үмітімді ақтаған,
Газетім деп мақтанам.
Тілші болып, автор боп,
Табалдырығынан аттағам.
Аспандатып өнерің,
Жарқыратып өлеңін.
Таланты бар баланы,
Қолтығынан демедің.
Ашып ой мен санасың,
Көңілің де табасың.
Өсіріп берін жіберіп,
«Ұлан» боп өзің қаласың.



Торғай

Көрсетпейді күн көзің,
Қарлы боран ұлыған.
Үйде отырмын бір өзім,
Үйдің іші жылыған.
Қонды келіп бір торғай,
Терезенің алдына.
Дір-дір етті, ойпырмай,
Сыртта тоңып қалды ма?
Барып қонды бұтаға,
Сілкіп-сілкіп тұр үстін.
Сездірмедім атама,
Ұстауға енді кірістім.
Шылапшынның бұрышың,
Бір таяққа тіредім.
Ұзын жіптің бір ұшың,
Үйден ұстап тұр едім.
Қар борап тұр ұйытқып,
Торғай енді састы ма?
Шылапшынды ық тұтып,
Паналады астына.

Ұшып кетпей тұр торғай,
Болар ешкім жоқ деген.
Енді қарап құр тұрмай,
Тартып қалдым жіпті мен.
Ұстап алу қызық-ақ,
Торғайды үйге ап кірдім.
Наннан аздап үзіп ап,
Оған қоса қақ бердім.
Шығармауға бола ма,
Үркісе үйді бөтен деп,
Алып шықтым далаға,
Енді қайтер екен деп.
Бір сілкінді ол енді,
Қанаттары дір етіп.
Бұлқынды да жөнелді,
Ұшып кетті «пыр» етіп.
Үйден біреу қуып па,
Қайда кетіп барады-ау?
Әттен, мынау суықта,
Қайта тоңып қалады-ау!

Қос үйрек

Жарқырап тұр күміс күн,
Тату-тәтті қос үйрек,
Серуендеп жүр көл үстің,
Су бетіне сап ирек.
Екеуі де маужырап,
Тыңдағандай ән-күйді.
Көлеңке жоқ, тау жырақ,
Көл бетінде қалқыды...
Мылтық даусы естілді,
Толқып кетті көл де енді.
Қос үйрек те көш білді,
Бұғып келген мергенді.
Бір үйрек көп тосыннан,
Құлап түсті.
Қан аққан!

Ажыратты досынаң,
Жалғыз оқ көп дәл атқан.
Жүр еді ғой салқындап,
Ол несі екен атқаны?
Тірі үйрек қаңқылдап,
Бір сәт дамыл таппады.
Үстін суға малшыды,
Жарып өтті қияқты.
Досын атқан аңшыны,
Іздеп кеткен сияқты.



Бетті дайындаған Ерлан АНУАРҰЛЫ

Меншік иесі:

СЫР МЕДИА
жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:

Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның

түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.

Тел.: 8(7242) 40-06-68.

Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2763 Тапсырыс №2041

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Кезекші редактор: Гүлжан Есжан